

11 – дәріс.

## **Портреттік телесұхбаттың өзіне тән заңдылықтары**

**Тақырыптық жоспар.** Тікелей эфирдің тақырыптық жоспарын жасағанда міндетті түрде сақтық үшін қосымша жоспар жасалуы тиіс. Өйткені, тікелей эфирге шақырылған қонақ ауырып қалуы немесе келе алмай қалуы әбден мүмкін. Сондай – ақ, алдын – ала жоспарланып қойған айтулы оқиға уақыты өзгертіліп, ілгері жылжытылуы мүмкін. Сондықтан да, тікелей эфирдің тақырыптық жоспарын бекіткенде балама жоспар талап етілуі керек.

**Сценарлық жоба.** Тікелей эфирдегі бағдарламаның сценарлық жобасын әзірлегенде тікелей эфир аясында берілетін роликтердің, музыкалық шығармалардың әрқайсының атауы, уақыт мөлшері (хронометражы) нақты көрсетілуі керек. Сонымен қатар, тікелей эфир қонағы күтпеген жерден кідіріс жасап, немесе тақырыптан ауытқып кететін болса, эфирді тележүргізуші өзі толтыруы – шарт. Дәл сол тұста қолданатын мәтін, бейнематериал немесе музыкалық шығарма нақты көрсетілуі керек. Сонымен қатар, бағдарлама эфирге шығатын күнге қатысты оқиғаларға орай айтылуға тиісті мәселелер міндетті түрде ескерілуі тиіс.

